

**"Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігіне тексеру туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қорытындысы**

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2019 жылғы 20 наурыздағы № 2 қорытындысы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, құрамында Төраға Қ.Ә. Мәми, Кеңес мүшелері А.Қ. Дауылбаев, В.А. Малиновский, И.Д. Меркель, Ә.А. Темірбеков және У. Шапак,

өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ. Тоқаевтың "Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келетіні туралы қорытынды беру өтінішін қарады.

Баяндамашы - Конституциялық Кеңес мүшесі А.Қ. Дауылбаевтың хабарламасын тыңдап, конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, заңнаманы талдап, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі

**анықтады:**

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесіне 2019 жылғы 20 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізу туралы" Заң жобасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес нысанына қорытынды беру туралы өтініші келіп түсті.

"Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасымен Конституцияның 2-бабының 3 тармағы жаңа редакцияда берілген:

"3. Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы, оның астанасының мәртебесі заңмен белгіленеді. Қазақстанның астанасы Нұр-Сұлтан қаласы болып табылады."

Конституцияның 2-бабының 3-1 тармақтағы "Астана" деген сөз "Нұр-Сұлтан" деген сөзбен ауыстырылған.

Негізгі Заңның нормаларын өтініш нысанына қатысты талдап, Конституциялық Кеңес мынаны негізге алады.

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 3-тармағына сәйкес "Республика Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, олардың осы баптың 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетіні туралы Конституциялық

Кеңестің қорытындысы болған жағдайда, республикалық референдумға немесе Республика Парламентінің қарауына шығарылады".

2. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі 2017 жылғы 9 наурыздағы № 1 нормативтік қаулысында "Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен (2017 жылғы 10 наурызда қол қойған) айрықша қорғалатын конституциялық құндылықтар тізбесі кеңейтілгенін атап өтті: "Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі өзгермейді" (Конституцияның 91-бабының 2-тармағы). Сол арқылы, өзінің конституциялық мәртебесі мен жеке қасиеттері арқасында егемен Қазақстанның, оның ішінде Негізгі Заңның конституциялық құндылықтары және Республика қызметінің түбегейлі принциптері қалыптасуы мен дамуына шешуші үлес қосқан; Қазақстанның бірлігі, Конституциясы, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары қорғалуын қамтамасыз еткен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жаңа тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің Негізін салушы ретіндегі тарихи миссиясы конституциялық жолмен расталады".

Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілетін өзгерістер Қазақстан Республикасы елордасы "Астана" астанасы "Нұр-Сұлтан" деп аталуына орай, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қазақстан халқы алдындағы тарихи рөлін мойындауға және сіңірген ерен еңбегін мәңгі есте сақтауға байланысты мемлекеттің тәуелсіздігі, республиканың аумақтық тұтастығы, оның басқару нысандары мәселелерін, сонымен қатар Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы кепілге алған Республика қызметінің түбегейлі принциптерін қозғамайды және Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабы 3-тармағының талаптарына қайшы келмейді.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 2-тармағын, 91-бабының 3-тармағын, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы № 2737 Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-бабы 4-тармағының 1) тармақшасын, 31-33, 37-баптарын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі

**шешті:**

1. "Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қорытындысы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

3. Осы қорытынды республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қазақстан Республикасы  
Конституциялық Кеңесінің Төрағасы*

*Қ.Ә. Мәми*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК